

## №16 колледж МҚҚК нің жалпы жиналысының

### № 2 ХАТТАМАСЫ

Шардара қаласы

02 маусым 2025 жыл

Жиналыс төрағасы: №16 колледж директоры М. Тәшімбет

Қатысқандар:

ДТЖЖ орынбасары: Г. Дүйсебаева

Колледж қызметкелері 28

Күн тәртібінде:

1. Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022 – 2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы (*Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 2 ақпандагы № 802 Жарлығы*);
2. Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі (*Қазақстан Республикасының Кодексі 2015 жылғы 23 қарашадагы № 414-V ҚРЗ*);
3. Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексі (*Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 153 Жарлығы*)

Түркістан облысы білім басқармасының «№16 колледж» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының 2024 жылғы сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама талаптарын сақтау мәселелері бойынша тоқсан сайынғы түсіндіру және оқыту іс-шараларының жоспарына сай, Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы (*Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 2 ақпандагы №802 Жарлығы*) ақпараттық түсіндірме жүмысы.

**Төрағалық етуші М. Тәшімбет:** осы жиналысты ашық деп жариялад, барлығымызға белгілі елімізде сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу және оны болдырмау мақсатында қарқынды жұмыс жүргізіліп отырғанын еске салып, «№16 колледж» МҚҚК-нің 2024 жылғы сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама талаптарын сақтау мәселелері бойынша тоқсан сайынғы түсіндіру және оқыту іс-шараларының жоспарын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасымен таныстыру, сондай-ақ мекеме ішінде жемқорлықтың алдын алу және оны болдырмау мақсатында ақпараттық түсіндірме беру үшін мекеменің комплаенс-қызметкери Г. Дүйсебаеваға сөз берді.

**Мекеме комплаенс-қызметкери –Г. Дүйсебаева:**

Құрметті ұжымдастар, өздерінізге белгілі мекемемізде сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу және болдырмау мақсатында 2024 жылғы сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама талаптарын сақтау мәселелері бойынша тоқсан сайынғы түсіндіру және оқыту іс-шараларының жоспары бекітілген.

Аталған жоспарға сәйкес бүгінгі түсіндіру жұмыстарының тақырыбы Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 2 ақпандагы №802 санымен бекітілген «Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы» Жарлығының талаптарына ақпараттық түсіндірме жүргізу.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 2 ақпандагы №802 санымен бекітілген «Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы» Жарлығының негізгі мақсаты сыйбайлас жемқорлықтың салдарымен күрес қана емес, оның алғы шарттарын жою үшін назар аударуга, мемлекет пен

қоғамның тыныс-тіршілігінің негізгі салаларын қамтуға, мемлекеттік биліктің барлық деңгейлерінде сыйбайлас жемқорлықты барынша азайтуды қамтамасыз етуге, азаматтарының осы әлеуметтік зұлымдыққа төзімсіз көзқарасын қалыптастыруға бағытталған іс-шара болып табылады.

Осыған байланысты, мекемемізде сыйбайлас жемқорлықты болдырмау және онымен үнемі құресу бойынша токсан сайынғы түсіндіру және оқыту іс-шараларының жоспары бекітіліп, жұмыстар атқарылуда және де 2024 жылға арналған «Сыйбайлас жемқорлыққа карсы іс-қимыл және алдын алу» үлгілік базалық бағытын іске асыру мақсатында мекемемізде сыйбайлас жемқорлық көріністерін шектеуге бағытталған іс-шаралар жүзеге асырылып келетінін және атқарылған жұмыстар бойынша есеп беріліп, тиісті хаттамалар түзілетінін айтып өтті.

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне өзгерістер енгізілгенің туралы ескертуі, жана енгізілген баптар бойынша қызметкерлерге толыққанды түсіндірме берді.

### **Күн тәртібінде екінші мәселе бойынша төмендегі мәселе қаралды:**

#### **22-бап. Қызметкердің негізгі құқықтары мен міндеттері**

##### **Қызметкердің құқықтары:**

Еңбек шартын жасасуға, оны өзгертуге және бұзуга;

Жалақыны уақтылы және толық алуға;

Қауіпсіз және салауатты еңбек жағдайларына;

Демалуға (жұмыс уақыты, демалыс күндері, жыл сайынғы ақылы еңбек демалысы);

Кәсіптік дайындықтан өтуге және біліктілігін арттыруға;

Кәсіподакқа кіруге және оның жұмысына қатысуға;

Еңбек дауларын шешуге қатысуға.

##### **Қызметкердің міндеттері:**

Жұмыс берушінің ішкі еңбек тәртіптемесін сақтау;

Жүктелген еңбек міндеттерін адал орындау;

Еңбек қауіпсіздігі талаптарын сақтау;

Жұмыс орнында тәртіпті сақтау.

#### **23-бап. Жұмыс берушінің құқықтары мен міндеттері**

##### **Жұмыс берушінің құқықтары:**

Қызметкерлерді іріктеу, қабылдау және босату;

Ішкі еңбек тәртібін белгілеу;

Қызметкерден еңбек міндеттерін орындауды талап ету;

Жаза қолдану және көтермелеге шараларын жүзеге асыру.

##### **Жұмыс берушінің міндеттері:**

Қызметкерге еңбек шартында көрсетілген жұмыс беруге;

Жалақыны уақтылы және толық төлеуге;

Қауіпсіз еңбек жағдайын қамтамасыз етуге;

Еңбек заңнамасын сақтауға;

Қызметкерлердің құқықтарын қорғауға.

#### **33-бап. Еңбек шартының мазмұны**

Еңбек шартында мыналар көрсетілуі тиіс:

Жұмыс орны мен ұйым атауы;

Қызметкердің еңбек функциясы (қызмет атауы, лауазымы);

Жұмысқа қабылданған күн;

Жалақы мөлшері мен төлеу тәртібі;

Жұмыс уақыты мен демалыс уақыты;

Еңбек шартын тоқтату шарттары;

Жұмыс беруші мен қызметкердің құқықтары мен міндеттері.

#### **77-бап. Ішкі еңбек тәртіптемесі**

Ішкі еңбек тәртіптемесі:

Еңбек тәртібін ұйымдастыру және сақтау қагидалары;

Қызметкерлер мен жұмыс берушінің тәртіптік жауапкершілігі;

Жұмыс уақытының басталу және аяқталу уақыты;

Демалыс және үзіліс тәртібі;

Киім киіу, техника қауіпсіздігі ережелері және т.б. қамтиды.

**182-бап. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау**

Жұмыс беруші:

Қызметкерлерге қауіпсіз еңбек жағдайын жасауға;

Еңбек қауіпсіздігі бойынша оқыту жүргізуғе;

Арнайы киім, жеке қорғаныс құралдарын беруге;

Жұмыс орнындағы қауіпті жағдайларды болдырмауға міндетті.

Қызметкер:

Қауіпсіздік техникасын сақтауға;

Арнайы құралдарды пайдалануға;

Қауіпті жағдайлар туындаған кезде дереу хабарлауға міндетті.\

**Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша** Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 Жарлығымен бекітілген **Мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексінің** негізгі ережелерін түсіндірді. Атап айтқанда:

**Әдеп кодексінің мақсаты** – мемлекеттік қызметшілердің азаматтармен қарым-қатынаста, қызметтік іс-әрекетте жоғары моральдық-әдептік стандарттарды сақтаудың қамтамасыз ету;

**Мемлекеттік қызметшінің міндеті** – адал, әділ, сыпайы, жауапты, кәсіби және қоғам сенімін ақтайдындей болу;

Қоғаммен, әріптерімен, басшылықпен және бағыныштылармен қарым-қатынаста этикалық нормаларды сақтау;

**Мұдделер қактығысының алдын алу**, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сақтау;

Мемлекеттік қызметшінің **қоғамдағы жағымды бейнесін қалыптастыру** және беделін арттыруға бағытталған мінез-құлық нормалары түсіндірліді.

Жиналыс соңында жоғарыда көрсетілген мәселелер жан –жақты талқыланды.



М. Тәшімбет

Г. Дүйсебаева